

2004. - S. 253.

Nazarbaev N.A. Tarih tolkynynda, Almaty: Atamura, 2003.

Kabul'dinov Z.E., Shayahmetov R. Pervyj Nacional'nyj sekretar' // Vechernij Almaty. 13 avgusta 2020 g. Kazakstan tarihy. Enciklopediyalyk anyktamalyk. Almaty, «Aruna» baspasy, 2006.

Kozybaev M. Kazahstan-arsenal fronta. Alma-Ata: Kazahstan, 1970. S. 283-284.

KR Prezidentinin arhivi (budan bylaj - KRPA). Kor 708, T. 4/2. Is 10. 68-69 pp.

KRPA. Kor 708. T. 4/2. Is 15. 12-13 pp.

KRPA. Kor 708. T. 4/2. Is 15. 14-17 pp.

KRPA. Kor 708. T. 39. Is 4315. 32-33 pp.

Kuandyk E. Kazakstan tarihy. Almaty, 2009.

Pis'mo N. Skvorcova Zh. SHayahmetovu (Iz lichnogo arhiva SHayahmetovyh. 5 avgusta 1945 goda)

Resej Memlekettik Zhana zaman tarihy arhivi (RMZHSTA). Kor 5, Tizimdeme 98, Is. 38987, B.14.

Smajylov K. Tarihta ozindik orny bar. Kurdeli zamannynkajsar kajratkeri. Astana: Audarma, 2002 – 216 b.).

Chokin Sh.CH. Put' nacional'noj akademii nauk: (vospominaniya i razmyshleniya). Almaty: Gylym, 1996. S. 21.

Shayahmetov Zh. Vystuplenie na mitinge // Kazahstanskaya pravda, 22 iyunya 1941 goda, ekstrennyj vypusk.

FTAXP- 03.20.00

### СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНА МАЙДАННАН ТҮРҒЫНДАРДЫ ЖАППАЙ КӨШІРУ ТАРИХЫНАН (1941-1942 ЖЖ)

**Апашева Сабира Нурбаевна<sup>1</sup>, Токмұрзаев Бақыт Салманович<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>тарих ғылымдарының кандидаты, Сырдария университетінің кафедра меңгерушісі, Қазақстан, Жетісай қ. sabira66\_66@mail.ru

<sup>2</sup>философия докторы (PhD), Сырдария университетінің ЖОО кейінгі білім беру бөлімі басшысы, Қазақстан, Жетісай қ. b.tokmurza@gmail.com

**Түйіндеме.** Ұлы Отан соғыс жылдарында Қазақстан мен Орта Азия аумағы соғысты жан-жақты жабдықтаушы тыл аумағына айналумен қатар, көшіріліп келген адамдардың уақытша, тіпті тұрақты тұрағына айналды. Соғыстың арпалыс сәттерінде көшірілу шаралары көптеген қиындықтарға да тап болып отырды. Ұлы Отан соғысы аяқталған соң дәл осы тарихи шешімнің табысты болғандығына қатысты көптеген оң пікірлер білдірілгенімен, майдан аумағындағы тұрғындарды жаппай көшіру қалай жүргізілгендігі, қандай бірізділікті ұйымдастырылғандығы, Қазақстан аумағына қанша тұрғындардың жаппай көшірілгендігі туралы зерттеулер өте аз.

Мақалада Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан аумағына тұрғындардың жаппай көшіру шарасының жүргізілу бағыттары мен статистикалық көрсеткіштері, осы шараның тарихи маңыздылығы зерттелуіне қатысты информацияны талдау, жүйелеу тәсілдері қарастырылған.

**Кілт сөздер:** Ұлы Отан соғысы, майдан, тыл, жаппай көшіру, депортациялау, зерттеу, архив, орналастыру.

МРНТПИ 03.20.00

### ИЗ ИСТОРИИ МАССОВОГО ПЕРЕСЕЛЕНИЯ НАСЕЛЕНИЯ С ФРОНТА НА ТЕРРИТОРИЮ КАЗАХСТАНА В ГОДЫ ВОЙНЫ (1941-1942 ГГ)

**Апашева Сабира Нурбаевна<sup>1</sup>, Токмурзаев Бақыт Салманович<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> кандидат исторических наук, заведующий кафедрой университета Сырдария, Казахстан, г. Жетысай. sabira66\_66@mail.ru

<sup>2</sup> доктор философии (PhD), руководитель отдела послевузовского образования университета Сырдария, Казахстан, г. Жетысай. b.tokmurza@gmail.com

**Аннотация.** В годы Великой Отечественной войны территория Казахстана и Средней Азии стала не только истерзанной войной родиной, но и временным и даже постоянным домом для вынужденных переселенцев. В разгар войны эвакуационные мероприятия столкнулись с множеством трудностей. Несмотря на то, что после окончания Великой Отечественной

войны было высказано много положительных отзывов об успешности этого исторического решения, очень мало исследований о том, как велась массовая эвакуация населения из территории фронта, какая последовательность была организована, сколько жителей было эвакуировано на территорию Казахстана.

В статье рассмотрены статистические показатели и направления проведения мероприятий по массовому переселению населения на территорию Казахстана в годы Великой Отечественной войны, анализ и систематизация информации, касающейся исторической значимости данного мероприятия.

**Ключевые слова:** Великая Отечественная война, фронт, тыл, массовое переселение, депортация, исследование, архив, размещение.

IRSTI 03.20.00

## FROM THE HISTORY OF MASS MIGRATION OF THE POPULATION FROM THE FRONT TO THE TERRITORY OF KAZAKHSTAN DURING THE WAR (1941-1942)

**Apasheva Sabira Nurbayevna<sup>1</sup>, Tokmurzaev Bakhyt Salmanovich<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>candidate of historical Sciences, head of the Department at Syrdarya University, Kazakhstan, Zhetysai. sabira66\_66@mail.ru

<sup>2</sup>doctor of philosophy (PhD), head of the Department of postgraduate education at Syrdarya University, Kazakhstan, Zhetysay. b.tokmurza@gmail.com

**Abstract.** During the great Patriotic war, the territory of Kazakhstan and Central Asia became not only a war-torn homeland, but also a temporary and even permanent home for internally displaced persons. At the height of the war, evacuation measures faced many difficulties. Despite the fact that after the end of the great Patriotic war, many positive reviews were expressed about the success of this historic decision, there is very little research on how the mass evacuation of the population from the front was conducted, what sequence was organized, and how many residents were evacuated to the territory of Kazakhstan.

The article considers statistical indicators and directions of carrying out measures for mass population relocation to the territory of Kazakhstan during the great Patriotic war, analysis and systematization of information concerning the historical significance of this event.

**Key word:** Great Patriotic war, front, rear, mass relocation, deportation, research, archive, placement.

**Кіріспе.** Ұлы Отан соғысын зерттеу тарихы қазірге дейін көптеген өзгерістерге ұшырап, құбылып отырды. Соңғы екі он жылдықтағы көптеген зерттеулер, оның ішінде Қазақстан, Ресей және ТМД аумағындағы архив құжаттарының қол жетімділік дәрежесіне иеленуі осы аталғандардың барлығы ескі мәселелерге жаңаша көзқараспен қарауға, әрі зерттеу алаңының кеңеюіне түрткі болды. Сол мәселелердің бірі - соғыс майдан алаңынан жаппай көшіру мәселесі. Жаппай көшіру мәселесінің өзектілігі сонда - бұл мәселе төңірегінде қазіргі күнге дейін бірізді, дәл анық зерттеулер табуын қиындығында болса керек. Тарихи және тарихи-әскери әдебиет көздерінде көшіру шарасының тарихи себептері, маңыздығы туралы ой-пікірлер айтылғанымен сол шараның барысы, біздің жағдайымызда Қазақстан аумағына көшірілгендердің орналастырылуы, облыстар бойынша орналастыру ерекшеліктері, сандық көрсеткіштері туралы мағлұматтар аз кездеседі.

Кеңестер Одағының кең спектрлі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін соғыс жылдарында соғыс майданы мен тыл аумағындағы жұмыс күшін тепе-теңдікте сақтау мен ел экономикасын сақтап қалу мәселелерін көздейтін мемлекеттік басқару жүйесін қайта құру қажет болды. Басқару жүйесіндегі осындай бір мекеменің бірі КСРО Халық комиссарлары кеңесінің бюросының жанында 1941 жылдың 30 шілдесінде құрылған Жұмыс күшін есепке алу және орналастыру комитеті болатын. аталмыш комитетті Еңбек резервтерін басқару басқармасының басшысы ретінде П.Г. Москатов тағайындалды. Мекеменің басты мақсаты-ел аумағындағы жекелеген кәсіпорындарды орналастыру және қажеттілік балансы негізінде жұмыс күші мен еңбек ресурстарын тепе-теңдікте ұстау. Бұл мақсатты жүзеге асыру соғыс жағдайында өте қиын шараға айналды. Соғыс жылдарында неміс әскерлерінің жаулап алған аумағында Кеңестер Одағының 45 %-ы,

яғни 88 млн адам өмір сүргендігі белгілі. Сол үшін бүкіл адамды тыл аумағына көшіру, барлық құнды заттарды сақтап қалудың мүмкіндігі болмағандығы да анық. Осы іспеттес күрделі жағдайда тыл аумағына тұрғындарды көшіруде рационалды шешімдер қабылдаудың маңыздылығы басым болатын.

1941-1942 жылдары жүргізілген тұрғындарды Орта Азия мемлекеттеріне, оның ішінде Қазақстан аумағына жаппай көшіру өзінің тездігімен, қарқындылығымен, ауқымдылығымен, ең бастысы Ұлы Отан соғысында жеңіске жетудегі ролімен ерекшеленеді. Сонымен бірге Қазақстанның қазіргі демографиялық ахуалына, этностардың көптілігіне де дәл осы эвакуациялану шараларының үлесі жоқ емес. Адамзат тарихында осы іспеттес өндіріс орындары мен тұрғындарды «жаппай көшіру» оқиғалары өте сирек кездеседі. Ұлы Отан соғысы аяқталған соң дәл осы тарихи шешімнің табысты болғандығына қатысты көптеген оң пікірлер білдірілгенімен, көшіру шарасының қалай жүргізілгендігі, қандай бірізділікті ұйымдастырылғандығы, Қазақстан аумағына қанша тұрғындардың эвакуацияланғандығы туралы зерттеулер өте аз.

Кеңестер Одағы тұсында шығарылған тарихи энциклопедиялар мен жекелеген тарихшылар эвакуацияланудың тарихи маңыздылығы жөнінде атап өтілсе де, эвакуацияланудың статистикалық көрсеткіштері жөнінде мәліметтерде түрлі қарама-қайшы көрсеткіштерді бізге жеткізуі осыған дәлел бола алады.

Соғыс басталған алғашқы күндерінде-ақ Германия әскерлерінің соғысқа дайын емес Кеңестер Одағының еуропалық бөлігін қуаттылықпен қиратып, басуынан КСРО басшылары соғыс болып жатқан аумақтағы өндіріс орындарын, оқу орындарын, материалдық және мәдени құндылық көздерін тылға, яғни Орта Азия аумағына көшіру туралы шешімі қабылданды. Атап айтар болсақ Ұлы Отан соғысы басталған алғашқы күндерінің өзінде КСРО ОК «Адам контингенті мен құнды мүлікті көшіру және орналастыру тәртібі туралы» жарлығы шығарылды, бұл жарлықты қолдаушы, әрі жалғастырушы құжаттардың бірі ретінде 1941 жылғы Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің «ҚазКСР эвакуацияланған тұрғындарды қабылдау және орналастыруды ұйымдастыру туралы» арнайы жарғысы қабылданды.

Соғыс жылдарындағы КСРО-ның еуропалық бөлігінен өнеркәсіп орындары мен материалдық-мәдени құндылықтардың көшірілуі, оқу орындарының, білікті мамандардың, зиялы тұрғындардың эвакуациялануы туралы мағлұматтардың көптігіне қарамастан, «жай», «қарапайым» тұрғындардың елімізге көшірілуі іспеттес тарихи шараға қатысты ғылыми жариялымдарға тарихнамалық шолу жасау-мақаланың өзектілігін айқындайды.

**Материалдар мен зерттеу әдістері.** Ғылыми жариялымның мақсаты-соғыс жылдарындағы Қазақстан аумағына майданнан тұрғындарды жаппай көшіру шарасының жүргізілу бағыттары, еліміздегі облыстар бойынша көшірілген тұрғындарды орналастыру мен статистикалық көрсеткіштері, осы шараның тарихи маңыздылығы, зерттелуіне қатысты информацияны талдау, жүйелеу болып табылады.

Мақаланы жазу барысында келесідей ғылыми әдістер қолданылды:

1) зерттеудің жалпы-логикалық әдістері: анализ және синтез, жүйелілік, аналогия;

2) эмпирикалық зерттеу әдістері: салыстыру, бақылау, сипаттама жасау. Сонымен қатар мақалада тарихи әдістерде қолданылды: мұрағат құжаттары мен сол сәттегі жарлықтардың орындалуын зерттеуде салыстырмалы-тарихилылық әдісі қолданылса, 1941-1943 жж. Қазақстанда болып жатқан көшу үдерісін қоғамдық, жалпылама көлемде анықтау үшін макро-тарихилылық әдістері, мемлекеттің ішіндегі көшіру іс-шараларын анықтауда микро-тарихилылық әдісі қолданылды.

Зерттеу жұмысында ғылыми әдебиеттерге талдау әдісі, анализ жасау әдісі, салыстыру, байыту әдістері де қолданылды.

Соғыс жылдарындағы Қазақстан аумағына майданнан тұрғындарды жаппай көшіру тарихы тақырыбын талдауда тақырып аясындағы ғылыми зерттеу жұмыстарын, мақалалар мен жариялымдарды, мұрағат құжаттары мен соғыс жылдарындағы жарлықтар мен заңнамаларды, тақырып шеңберіндегі отандық, ТМД аумағындағы, шетелдік зерттеушілердің еңбектерін негізгі алдық.

**Талқылау.** Соғыс жылдарындағы Қазақстан аумағына майданнан тұрғындарды жаппай көшіру мәселесі өте аз мөлшерде зерттелген тақырыптардың бірі.

М.П. Беленко еңбектерінде майдан тұрғындарын жаппай көшіруде неліктен Қазақстан мен Орта Азия мемлекеттері таңдап алынуын, эвакуацияланушылардың санына қатысты шиеленістер мәселелері қарастырылды.

Л.Н. Игнатьева соғыс жылдарындағы Қазақстан аумағына майданнан тұрғындарды

жаппай көшіру мен депортацияланғандардың тағдырына қатысты зерттеу жүргізгендердің бірі болатын. Автор «эвакуацияланған» және «депортацияланған» тұрғындарды ұғым ретінде жеке-жеке ажыратып алып, екеуінің құқығы екі бөлек болғанымен дәл сол соғыс жылдарында (1941-1942 жж) күнделікті өмір тіршілігіндегі ахуалының бірдей болғандығын соғыс жылдарындағы Қазақстанға депортацияланғандардың түрлі өтініш, арыз-шағымдармен дәлелдейді.

Соғыс жылдарындағы Қазақстан аумағына майданнан тұрғындарды жаппай көшіру мәселелерін зерттеушілердің қатарына Айсфельд А., Земсков В., Абылхожин Ж., Потемкина М., Снегирева Л., Белоносов И атап өтуімізге болады.

Земсков өз зерттеуінде соғыстың басталуынан КСРО еуропалық бөлігіндегі өнеркәсіп орындары, мәдениет құндылықтарын, оқу орындарын, ең бастысы тұрғындарды Орта Азия елдеріне және Қазақстанға жаппай көшірілуіне қандай тарихи алғышарт ретінде көрсетеді. Неміс әскерлері өзінің жаулап алған жерлерін толық тонап қана қоймай, сол жерлерді «бос», «еш жарамсыз» аудандарға айналдыруды мақсат тұтты. Бұл жойтты дәлелдейтін фашистік рейхтің құпия құжаттары қазіргі таңда ашық ақпарат құралы ретінде таралып та кеткені мәлім. Мысал келтірер болсақ Гиммлердің Украинадағы полиция өкілеттілігіне жіберген жарлығында: «Украинадан шығып кетерде ауданда бірде бір адам, бір де бір қара мал тірі қалмауы керек, құдық сулары уланып, бірде бір үй сау күйінде қалмасын, темір жол рельстері мен шахталар толық жойылсын, бидайдан бірде бір центнер сақталмасын. Қарсылас өзінің елін қайта алар болса толық өртелген, қиратылған, бұзылған мемлекетке иеленуі керек», - деген бұйрығымен фашистік Германия өзінің жаулап алған территорияларын бос, «жарамсыз» өлкелерге айналдыруды көздеді (Земсков, 1986: 70).

Германия билік өкілдері Кеңестер Одағының экономикасын толық жоюды мақсат етті, бұған мына фактілер дәлел бола алады: КСРО аумағында соғыс барысында 1500 аса қалалар мен елді мекендер қиратылды 70 мыңға жуық ауылды мекендер жоққа айналды, 31850 ірі және орта өнеркәсіп орындары, 1000 аса көмір шақталары, 750 машина жасау зауыттары, көптеген мекемелер мен ғимараттар жойылды. Осындай қиын-қыстау шақта еуропалық бөліктегі құндылығы басым өнеркәсіп орындары мен оқу орындарын, тұрғындарды Қазақстанға және басқа да тыл мемлекеттеріне көшіру мәселесі Кеңестер Одағы экономикасының бір жолы күйреуіне тосқауыл болды десек қателеспейміз. Сондықтан Орта Азия, оның ішінде Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында Кеңестер Одағының маңызды тыл аудандарының біріне айналды. Тек тыл ауданы ролімен бір қатарда Қазақстан эвакуацияланған халықтардың уақытша (кей жағдайда ұзақ жылдарға) баспанасына, тұрақты мекеніне де айналды (Чадаев, 1985: 107).

А.И. Исмаилов 1939-1945 жылдардағы Қазақстандағы көші-қон үдерісі мәселесінің шеңберінде эвакуациялау мен реэвакуациялаудың сандық көрсеткішін зерттеушілердің бірі. Автор соғыс жылдарындағы Қазақстан аумағына майданнан тұрғындарды жаппай көшіру барысын, нәтижелерін, ауқымдылығын сандық немесе пайыздық көрсеткіште жеткізген. Сонымен қатар депортацияланғандардың саны, соғыс жылдарындағы Қазақстан аумағындағы көші-қон шараларының «қатыгездікпен жүргізілгендігін», ең бастысы бұл үдерістердің «шұғылдығына» назар аударады.

Тағы бір ғалым Б.О. Жангуттин өз зерттеулерінде еліміздің аумағына эвакуациялану тарихының барысын қарастырған. Ғалым эвакуацияланған тұрғындардың Қазақстандағы алғашқы кезеңдегі хал-ахуалын соғыс жылдарында жарияланған басылым беттеріндегі мақалалар мен жариялымдарға сүйеніп анықтауға тырысты.

**Нәтижелер.** Ғалым, әскери тарихшы Исупов Л «Эвакуацияланған азаматтар» мен «өз еркімен көшкен тұрғындар», «депортацияланған тұрғындар» ұғымдарын ашып беруге тырысты. Соғыс жылдарында «эвакуацияланған азаматтар» статусын иелену көптеген артықшылықтармен, льготалармен теңдестірілді. Мәселен эвакуацияланған азаматтарға материалдық көмек көрсету құқығы, еңбекпен қамтамасыз етілу мәселелері қарастырылатын. «Эвакуация» термині «миграция, «көшу» ұғымдарымен егіз болғанымен, эвакуацияланған азаматтарға арнайы белгіленген заңнамалық жарғы негізінде регламенттелген статус берілді. Сонымен эвакуацияланған азаматтар статусын: 1) тыл аудандарына көшірілген; 2) соғыс жылдарында майдан аумағынан келгендер; 3) территориялары тұрақты түрде дұшпандардың тұрағына (мекеніне) айналған тұлғалар иеленді (Исупов, 2016: 12).

Соғыс майданы қалаларындағы орналасқан түрмелердегі тұтқындар да «эвакуациялан-

ған азамат» статусын иеленді, дегенмен бұл тұлғалар көптеген материалдық льготаларға, артықшылықтарға иелену құқығынан айырылды. Сонымен бірге депортацияланған этнос өкілдері (мысалы поляктар) де эвакуацияланушы статусынан айырылды.

Келесі бір ерекшелік-әскери госпиталь, әскери оқу орындарының оқушылары, курсанттар, бір сөзбен айтқанда әскери қызметкерлер тыл ауданына көшірілетін болса бұл тұлғалар «эвакуацияланушы» статусын иелене алмады, бірақ әскери қызметкерлердің отбасы мүшелері аталмыш статусы иеленуге құқылы болатын.

Құжаттарға негізделген статистикалық дерек көздерін келтіретін болсақ біз ол деректерде тек осы арнайы «эвакуацияланған азаматтарға» назар аударатын боламыз. Дегенімен де ғалым, тарихшы Беленко М.П. эвакуацияланған тұрғындарды шартты түрде «бірізділікпен көшірілген тұрғындар» және «босқын тұрғындар» деп ажыратып алуды ұсынады, әрі осы ажыратылған ұғымдарды былай сипаттайды (Беленко, 2019: 81).

Бірізділікпен көшірілгендер түрлі мекеменің қызметкерлері, ғалымдар, жұмысшылар, мемлекеттік қызметкерлер мен осы аталғандардың отбасы болып, бұл топтағылар тыл аудандарына көшіру шаралары негізінде ресми түрде көшірілді. «Босқындарға» өз еркімен алдын ала көшкендер немесе зорлықпен көшірілгендер. Біз мақала барысында дәл бірінші топтағы ресми эвакуацияланған туралы мәліметтерге ғана қол жеткізе алдық. Соғыс жылдарында статистикалық мәліметтердің өз деңгейінде жүргілуіне мүмкіндіктер болмағанын да ескеретін болсақ, қанша адамның өз еркімен көшкені, қанша адамның ресми эвакуацияланғанына жалпылама көрсеткіштерде айырмашылықтар байқалады.

Тағы да атап өтетін жәйт эвакуацияланған тұрғындар-бұл белгілі бір мекеменің, өнеркәсіп орындарының қызметкерлері (отбасы мүшелерімен бірге) болатын, өнеркәсіп орындары, оқу орындары Қазақстанға көшірілгендіктен, сол мекеменің қызметкерлері (жұмысшылары) де өз өнеркәсібімен бірге көшірілді. Ал, босқындар кәсіпорындарға, ғылыми оқу орындары мен мәдени мекемелерге еш қатысы жоқ адамдардан құралды да, бұл топтағы адамдарды көшірудің себебі неміс басқыншылығы алдында қалалар мен селоларда артықша адамдан тазалау болса керек деген болжам ғана айта аламыз.

Ресми түрде көшірілген халық негізінен Қазақстанның ірі қалаларында орналастырылды, өйткені бұл тұрғындармен бірге көшірілген өнеркәсіп орындары мен мекемелер қалаларға шоғырланатындығына байланысты. Ең бастысы көшірілген тұрғындар ерекше бір «әлеуметтік топқа» айналды, бұл топтың құқығын қорғауда арнайы жарлықтар шығарылып, ресми билік өз құзыреттілігінде қадағалап отырды.

Кеңестер Одағы тұсындағы демография зерттеулерде, демография саласындағы әдебиеттерде 1941-1942 жылдардағы көшірілу шаралары туралы анық статистикалық көрсеткіштерге қол жеткізу өте күрделі мәселе. Статистикалық көрсеткіштерді саралағанда көптеген қарама-қайшылықтар мен сәйкессіздіктерге тап боламыз. КСРО тарихына қатысты әдебиеттерде соғыс алаңынан эвакуацияланғандар санын 12 млн деп көрсетіледі. Кеңестер одағының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тарихына арналған ғылыми әдебиеттерде көшірілгендер саны 12-13 млн аралығында деп көрсетілсе, көптеген жеке зерттеушілер өзгеше пікірде, мысалы, И.И. Белоносов өзінің «1941-1942 жылдардағы майдан ендігінен тұрғындарды эвакуациялау» атты ғылыми жариялымында ресми эвакуацияланғандар мен майдан линиясынан бірнеше ондаған километрге ғана көшірілгендердің санын біріктіріп бұл көрсеткішті 25 млн адам деп бізге жеткізеді (Белоносов, 1966: 70).

Потемкина М.Н.өзінің «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы эвакуациялау шаралары» атты ғылыми мақаласында бүкіл көшірілгендер санын 20 млн-ға жетті деп мәлімет береді. Ғалым өз мақаласында көшірілгендердің көпшілік жекелеген тұрғындардың өмірін, тағдырын архив құжаттары негізінде мәліметтер келтіре отырып, ресми көшірілгендердің санын жоғарылатады (Потемкина, 2002: 89).

Ұлы Отан соғысы жылдарында тұрғындарды көшіру аймағы ретінде Қазақстан мен Орта Азия аумағының таңдалуы да бекерден емес еді. Соғыс басталғанға дейін депортацияланған, яғни күшпен көшірілгендердің көпшілігі Сібірге Транс-Сібір магистралі арқылы жіберілетін. Ал, Орта Азия мен Қазақстанға жету үшін бір емес 3-4 жолдың біреуін таңдап алудың қол жетімділігі осы өлкеге деген таңдауға негіз болды.

Қазақстан аумағына көшірілгендердің статистикалық мөлшеріне өтерден алдын сол статистикалық мәліметтер қаншалықты шынайылыққа жақын деген сұрақ туындайды. Статистикалық мәліметтерді біз Орталық Статистикалық Басқарманың мәліметтеріне сүйенеміз. Аталмыш мекеме сол жылдары, яғни 1941-1942 жыл аралығындағы соғыс

майданы линиясындағы жергілікті тұрғындардың Орта Азия мемлекеттеріне бағытталған қозғалысы жөніндегі есептерді жинақтау арқылы бізге статистикалық мәліметтерді жеткіздіреді. Соғыстың басталуымен алдын болмаған деңгейдегі қозғалыс, миграциялық процестердің қарқындылығы күшейді, нәтижесінде аталмыш Басқарма азаматтардың қозғалыс динамикасын дәлдікпен тіркеп отыру мүмкіндігінен айырылды. Сонымен бірге соғыс жылдарында соғыс жылдарында құжат айналымы ережелерін өз деңгейін сақтап отыру да мүмкін емеске айналды, көптеген азаматтар ешбір құжатсыз да, тіркелусіз де көшіп-қону шаралары жүргізілген болатын. Ұйымдастырылған эшелондарда эшелон тізімі мен белгілі бір жетіп келу орны (қала, село) жоқ эвакуацияланушы тұрғындар да кездесіп жатты. Ең бастысы 1941 жылдың қыркүйегіне дейін «эвакуацияланушы азаматтар» ұғымының өзі анық белгіленген ұғым емес еді. Сондықтан 1941 жылдың күзіне дейінгі эвакуацияланған азаматтар туралы анық статистикалық мәліметтерге қол жеткізудің мүмкіндігі мүлдем жоқ (Стрижков, 1988: 47).

Статистикалық мәліметтердің толық шынайылығы мүмкін емес екендігін дәлелдейтін тағы бір жәйт-өз еркімен көшіп келген «босқындардың» көпшілігі өзінің «эвакуацияланған тұрғын» екендігін жариялауға дайын емес болатын. «Эвакуацияланушы тұрғын» статусы көптеген жеңілдіктер берсе де, «эвакуация» шаралары белгілі бір шектеулі мекеме, кәсіпорынды көшіруге бағытталған болып, өнеркәсіп орны көшсе сол мекеменің жұмысшылары мен қызметкерлері бірге көшірілді. Мақсат: соғыс жылдарында Кеңестер Одағының экономикалық ахуалын қалай да болса белгілі бір деңгейде сақтап қалу (Барабаш, 1985:113).

1941 ж. 5 шілде КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі «Соғыс кезеңінде тұрғындарды эвакуациялау тәртібі туралы» арнайы жарлығы бойынша Қазақстан мен Орта Азия аумағында ірі темір жол тораптары мен өзен порттарында эвакуациялық пункттер ұйымдастырылды. Эвакуациялық пункттер эвакуацияланушы тұрғындарды тамақпен, медициналық көмек және орналасуын қадағалау міндеткерлігі берілді. Көшіру шаралары барысында «эвакуацияланушы тұрғындарды» орналастыру, баспанамен қамтамасыз ету мәселесін туындатты. Қазақстандағы ірі қалалар адамдарға толды. Мысал келтірер болсақ Петропавловск қаласында (станциясында) эвакуациялық пункт №49 және №45 мектептері мен Ленин атындағы клуб базасында ұйымдастырылды. Петропавловск асханалары мен ресторандары трестіне эвакуациялық пунктті тамақпен қамтамасыз ету тапсырылды, эвакуациялық пункттің көлікті қолдану шараларын жүзеге асыру үшін қаланың автобасқармасы қала бойынша автобус қозғалысын тоқтатты. 1941 ж. 10 шілдесіне Солтүстік-Қазақстан обкомы Алматыға Қазақстан КП ОК Қазақстанның Халық Комиссарлары Кеңесіне эвакуацияланушы тұрғындарды қабылдауда эвакуациялық пункттердің дайындығы жөнінде телеграмма жіберіледі. «қалада эвакуациялық пункт ұйымдастырылды, пункт басшысы ретінде Молостов тағайындалды (СҚО МА, 64:480). Штатта 3 саяси қызметкерлер, 7 медициналық қызметкерлер жұмыс жасайды, Эвакуациялық пункт арнайы көлік, 100 мың рубль ажыратылып, азық-түлікпен жабдықталған. Көшірілген тұрғындарды қабылдау мақсатында ең жақсы колхоз, совхоздар тағайындалған» (СҚО МА, 983:51).

Көшірілген тұрғындардың алдында туындаған ең бірінші мәселесі-ол орналасу мәселесі. Көшірілген тұрғындар ірі қалаларда орналасуды қалады, пункттер адамдарға толды. Осы мәселені арнайы тұрғындық мақсаттағы емес мекемелерді баспанаға айналдыру, жаңа құрылыстармен, адамдардың орналасуын одан әрі тығыздау шараларымен шешуге талпынды. Дегенмен де бұл мәселе көп жағдайда эвакуацияланушы тұрғындарды селолық жерлерге көшірумен нәтижеленгендіктен тылға өз еркімен, өз күшімен келген азаматтар өзінің «эвакуацияланушы тұрғын» статусын ашық білдіруден бас тартып отырды. Нәтижесінде Орталық статистикалық басқарма эвакуацияланған тұрғындардың статистикалық көрсеткіші туралы анық бір мәліметті жеткізуде үлкен қателіктерге жол берді, соның салдарынан қазіргі күнге дейін Қазақстанға соғыс жылдарында көшірілген тұрғындардың анық саны туралы көптеген қарама-қайшы пікірлер мен тұжырымдар бар (Кропивницкий, 2009: 21).

Орталық статистикалық басқарма көшірілген тұрғындардың көрсеткішін есептеуде мынадай тәсілді қолданды: 1941 жылдың бірінші жарты жылдығында қаламен қала арасында қозғалған адамдардың орта есебі дәл сол жылдың екінші жартысындағы көрсеткіштей шамада болды деп, сол болжам негізінде статистикалық мәліметті бізге жеткізеді. Ал, 1941 ж. бірінші жарты жылдығына қарағанда екінші жарты жылдығында

козғалыс, көшудің интенсивтілігі жоғары болды, өйткені соғыс арпалыс кезеңде адамдар майдан линиясынан кетуді жөн санағандығы анық. Енді, сол жылдың бірінші жарты жылдығындағы көрсеткіш екінші жарты жылдығындағы көрсеткішпен теңестірілу объективті шара ма деген сұрақ туындайды?

Көшірілгендердің санын анықтауда эвакуациялық пункттерге келіп жайғастырылғандардың сандық көрсеткіші негізінде шығару тәсілі де бар. Осылайша, Орталық статистикалық басқарма соғыс жылдарында КСРО еуропалық бөлігінен көшірілген тұрғындардың сандық көрсеткіштерін шыққан және жетіп барғандардың мөлшерін теңестіру арқылы ортақ жуықталған шаманы шығару негізінде көшірілген халық санын ұсынады.

Белоносов И.И. көшірілген тұрғындардың санына қатысты көптеген кемшіліктерді өзінің «Эвакуация населения из прифронтовой полосы в 1941–1942 гг. эшелоны идут на Восток» атты еңбегінде жан-жақты қамтып, тыл аудандарына келген азаматтардың сандық мәліметтеріндегі қателіктер 25 %-ға жуықтайды деп мәлімдейді (Белоносов, 1966:81). Автор бұл қателіктерге мысал ретінде Орта Азия мемлекеттеріндегі статистикалық басқармалардың 1942 жылдың басында берген есептерін алға тартады. Онда эвакуацияланғандардың келу саны мен тіркелу сандарында бірқатар айырмашылықтарға назарды аудартады. Осындай кемшіліктерді жою мақсатында 1942 ж. 1-5 қаңтары аралығында эвакуацияланған азаматтар арасында қайта санақ (есеп) жүргізу шаралары жүргізілді. дегенмен, Орта Азия мемлекеттеріндегі қызмет етуші статистикалық органдар бұл шараны өз деңгейінде жүргізуге ресурстарының жеткіліксіздігінен көшірілгендердің 25%-н ғана қайта тіркелді (Снегирева, 2005:103).

Нәтижесінде ҚазақССР аумағындағы көшірілген тұрғындарды қайта есептеу (қайта тіркеу) шарасы 15 наурызға дейін созылды. Дегенмен де соғыс жылдарындағы тыл аудандарының өзіндегі ішкі қозғалыстың жоғары қарқында болуы эвакуацияланған тұрғындардың дәл, анық көрсеткішін беруде қиындықтар туындатады. Сонда да біз ресейлік архив құжаттары мен қазақстандық архив құжаттарын салыстыра отырып, Қазақстан аумағына эвакуацияланған халықтың сандық мөлшерін анықтауды жөн санадық.

Ендігі тұста соғыс аудандарынан қанша азаматтар көшірілді? Оның ішінде Қазақстанға қанша адам көшірілді? Статистикалық көрсеткіштер қандай? осы салада қандай зерттеулер жүргізілді? сияқты сұрақтарға жауап іздестірдік.

1941 ж. 1 қыркүйегіне қарай жалпы көшірілген адамның саны-24 258 адамға жетті.

Көшірілгендердің ең көбі Қырым мен РСФСР екені байқалады. Кейінгі орындарда Украина, Белорусь адам саны бойынша көптігімен көзге түседі. Молдава мен Эстониядан көшірілгендердің саны ең соңғы орындарда екендігі де байқалады.

Қазақстанға көшірілгендердің мемлекеттік және сандық көрсеткіші (1941 ж. 1 қыркүйегі): РСФСР - 10 941 адам, Украина (УКР) - 6 620 адам, Беларусь (БКСР)- 5 159 адам, Карело-Фин КСР - 550 адам, Литва-231 адам, Латвия-294 адам, Эстония-158 адам, Молдава-113 адам, Қырым-11 181 адам, басқа да аумақтар -181 адам.

Соғыс майданынан Қазақстанға көшірілгендердің этностық құрамын талдасак: орыстар - 10 968 адам, украиндықтар - 2 695 адам, белорус - 1 259 адам, еврейлер - 8 218 адам, поляктар - 159 адам, немістер - 32 адам, литвалықтар - 39 адам, латыштар-159 адам, эстондықтар - 160 адам, басқа да этностар өкілдерінен - 569 адам.

1941 ж. 2 қазанына таман көшірілгендердің саны күрт өсті. Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің мәліметтері бойынша Қазақстанға 65 691 адам көшірілген, оның ішінде балалардың саны-25 547, әйелдердің саны-28 213, ер адамдардың саны 11 931 адамды құраған. Осы құрамдағы адамдардың Қазақстанның түрлі аудандарына орналасу көрсеткішін келесідей: Оңтүстік Қазақстан аумағына (Алматы, Оңтүстік-Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда) -13 728 адам; Батыс Қазақстан аумағы (Ақтөбе облысы, Гурьев, Батыс-Қазақстан облысы) - 14 257 адам; Орталық Қазақстан (Қарағанды) - 1 105 адам; Солтүстік Қазақстан (Солтүстік Қазақстан облысы, Павлодар, Қостанай облысы, Ақмола облысы) - 22 524 адам; Шығыс Қазақстан аумағы (Семей облысы, Шығыс Қазақстан облысы) - 11 443 адам; Алматы қаласы - 2 634 адам.

Жоғарыда көріп отырғанымыздай географиялық орналасу ерекшелігінің ыңғайлылығына байланысты ең көп эвакуацияланған аймақ Солтүстік Қазақстан аумағы болып, 1941 ж. 2 қазандағы статистикалық көрсеткіш бойынша Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қостанай, Ақмола облыстарының еншісіне тиесілі болып, 22 524 адамды құраған.

1941 ж. тамызынан 1942 ж. қаңтары аралығында жалпы көшірілгендердің саны - 386 492

адамды құраған. 1942 ж. қаңтары мен шілдесінің арасында Қазақстанға экшпірілген адам саны күрт төмендеген, республикаға бар-жоғы 31 911 адам көшірілген.

1942 ж. 1 ақпанында МҚК (Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті) бұйрығы бойынша Орталық анықтамалық бюросы майданнан көшірілгендердің арасында санақ жүргізілді.

Жоғарыда аталған статистикалық көрсеткіштер ресейлік архив құжаттарына сүйеніп жасалған көрсеткіштер болса, ендігі кезекте Қазақстан Орталық архивіндегі Қазақстанға көшірілгендерге қатысты дерек көздері бойынша көшірілгендердің статистикалық мөлшерін анықтасақ. 1941 ж. 25 қазанында ҚазКСР бойынша көшірілгендер бойынша басқарманың мәліметтерінде республикаға 137 900 адам көшірілген.

Сонымен бірге мәліметтердің жетіспеуіне байланысты Семей облысынан -2695 адам, Жамбыл облысынан - 2300 адам статистикаға енгізілмеген. Шығыс Қазақстан мен Гурьев облыстары бойынша мәліметтер 1941 ж. 15 қазанында алынған болса, Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша мәліметтер 1941 ж. 20 қазанына тиесілі. Аталған ерекшеліктердің барлығын ескеріп, жинақтайтын болсақ 1941 ж. 25 қазанында көшірілгендердің жалпы саны - 142 895 адам.

1941 ж. басталған көшірілу үдерісі 1942 ж. да жалғасын тапты, бір кезеңде жоғары қарқынмен жүргізілсе, бірде бөсеңдеумен көзге де түсті. Бұған дәлел ретінде келесі мәліметтерді алға тарта аламыз: 1941 ж. 15 қазаны - 97 969 адам; 25 қазан - 142 895 адам; 1 қарашада - 156 720 адам; 1942 ж. 1 қаңтарында-386 492 адам; 1943 ж. 1 қаңтарында-484 149 адам.

Көшірілгендердің Қазақстан облыстары бойынша жайғастырылу көрсеткіші де біркелкі емес, мысалы Оңтүстік Қазақстан облысына - 47 038 адам, Алматы - 64 879 адам, Жамбыл облысына - 44 988 адам, Батыс Қазақстан облысына - 40 487 адам, Қызылорда облысына - 44 594. Аталған облыстарда көшірілгендердің басым бөлігі орналастырылды.

Жергілікті билік өкілдері ресми көшірілгендер тұрғындарды орналастырумен бірқатарда жұмыспен қамтамасыз етуге де міндеттелді. 1943 ж. 1 қаңтарындағы мәліметтер бойынша Қазақстанның түпкір-түпкіріне орналастырылған 484149 адамның 245754-і жұмыспен қамтамасыз етілген, яғни көшірілгендердің елу пайыздан астамы. Жұмыспен қамтамасыз етілу көлемін, көшіріліп келгендерді орналастыру мәселесі бойынша Павлодар және Қызылорда облыстарында жақсы көрсеткіштерге қол жеткізілген, ал Алматы облысы бойынша көшірілгендер тұрғындардың көптеген шағым-арыздары жарияланған құжаттарды архив қорларынан әлі де кездестіре аламыз, сонымен қатар бұл шағымдар жергілікті басылым беттерінде де көрініс тапқан.

1943 ж. басында Қазақстанға көшіп көшірілгендер саны - 484149, олардың басым көпшілігі Мәскеуден - 32638, Беларусь КСР - 24684 адам, Украина КСР-155206, Ленинград-16632 адам.

1943 ж. 1 желтоқсандағы Халық Комиссарлары Кеңесі бөлім басшысының орынбасары Бигужановтың мәліметтері бойынша Қазақстанға осы мерзімде 417 582 адам көшірілген, оның 272523 - ауылды жерлерге, 145059 - қалаларға орналастырылған, бүкіл көшірілгендердің ішінен 198 411 адам жұмыспен қамтамасыз етілген (Барон, 2017: 125).

Ұлы Отан соғысы жылдарында уақытша жаулап алынған Кеңестер Одағының батыс аймақтарынан Қазақстанға 1,5 млн адам көшірілді.

Соғыс жылдарында майдан линиясындағы тұрғындармен эвакуациялаумен қатар өзекті өнеркәсіп орындарын Қазақстан мен Орта Азия аумағына көшіру шаралары жүргізілді.

Соғыстың басталуына байланысты ел экономикасын соғыс жағдайына бейімдеу басталды. Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты, Қарағанды кемір шахталары сияқты соғысқа қажетті өнімдер шығаратын өнеркәсіп құрылыстарын салып аяқтады. Соғыс жүріп жатқан жерлерден және майданға жақын аймақтардан 220 зауыт пен фабриканы, кәсіпорынды Қазақстанға көшіру жүргізілді.

Өнеркәсіптерді Қазақстан жеріне көшіру екі рет жүргізілді:

1. 1941 жылдың аяғы мен 1942 жылдың басы; 2. 1942 жылдың күзінде.

Өнеркәсіп орындары, кәсіпорындар, негізінен, Москва, Ленинград облыстарынан, Украина, Беларусь жерлерінен әкелінді.

Москва қаласы және Москва облысынан көшірілген кәсіпорындар: Москва авиация жасау зауыты, Урюпа ет консерв зауыты, Держинский атындағы электротехника зауыты, Москва рентген зауыты, №3 Александр радио зауыты, С. Орджоникидзе атындағы механика зауыты т.б. Жалпы, Қазақстанда Москва қаласы мен облысынан көшірілген 40 зауыт орналастырылды (Беленко, 1966: 74).

Украинадан Қазақстанға көшіріліп әкелінген кәсіпорындар:



Харьков электротехника зауыты, Подольск механика зауыты, Запорожье феррокорытпа зауыты, Днепропетровск вагон жөндеу зауыты т.б. Украина КСР-інен Қазақстанға 70 өнеркәсіп орны мен жабдығы әкелінді.

Майданға жақын өңірлерден Қазақстанға әкелінген жеңіл тоқыма кәсіпорындарының саны 53 болды. Мысалы, Киев аяқкиім фабрикасы, Володарский атындағы тігін фабрикасы, Ивантеев тоқыма фабрикасы т.б.

Қазақ КСР-не әкелінген өнеркәсіптер мен фабрикалар, кәсіпорындар Алматы, Қарағанды, Шымкент, Петропавл, Семей, Ақтөбе, Орал қалаларында орналастырылды.

Әрине, Қазақстанға әкелінген кәсіпорындар өте қиын жағдайда жұмыс істеді. Өнеркәсіп орындарымен бірге Қазақстанға майдан өңірінен көптеген мамандар да көшірілді. Мысалы, тек қана Донбасстан 3200-ге жуық шахтер, 2000-дай құрылысшы келді. Майдан өңірлерінен келген инженер-техниктер саны 7000-дай болды (Чадаев, 1985: 301).

Соғыс уақытында жұмысшылардың белсенділігі де артты. Олардың соғыс қажетіне аянбай жұмыс істеуі жеңіске алғышарт жасады. Көптеген еңбек орындарында жұмысшылар аянбай жұмыс істеді. Мысалы, Павлодар кеме жөндеу кәсіпорнының, Шымкент жөндеу кәсіпорнының жұмысшылары.

Соғыс жылдарында Қазақстан майданды шикізатпен қамтамасыз ететін негізгі әскери өнеркәсіп базасы болды.

1942 жылы Қазақстан КСРО-да өндірілген көмірдің 13%-ын, қорғасынның 85%-ын, молибденнің 60%-ын берді. «Шығыс Қоңырат» кеніші елімізде өндірілген молибденнің 60%-ын берді. Жезқазған мыс кенішінің қуаты өсті (Беленко, 2009: 31).

Қазақстанның қазіргі демографиялық келбетіне, қазіргі таңда көп этносты мемлекетке айналуына де дәл осы көшіру шараларының үлесі жоқ емес. Ұлы Отан соғысы аяқталған соң дәл осы тарихи шешімнің табысты болғандығына қатысты көптеген оң пікірлер білдірілгенімен, көшіру шарасының қалай жүргізілгендігі, қандай бірізділікті ұйымдастырылғандығы, Қазақстан аумағына қанша тұрғындардың көшірілгендігі туралы зерттеулер өте аз. Кеңестер Одағы тұсында шығарылған тарихи энциклопедиялар мен жекелеген тарихшылар көшірілу шарасының тарихи маңыздылығы жөнінде атап өтілсе де, эвакуацияланудың статистикалық көрсеткіштері жөнінде мәліметтерде түрлі қарама-қайшы көрсеткіштерді бізге жеткізуі осыған дәлел бола алады. Эвакуацияланушы тұрғындарды тасымалдау, есепке алу тәртібі, азық-түлікпен, баспанамен, ең бастысы жұмыспен қамтамасыз ету шараларын мемлекеттік билік органдары толық қадағалады.

Көшіру шаралары тек демографиялық үдерістерге ғана әсер етуімен ғана байланыстыруымыз дұрыс болмас. Соғысы жылдарында көптеген азаматтар өз туыстарынан айырылды, көбісі өз туған жерінен алыс жерлерге көшуге мәжбүр болды. Көшірілген тұрғындар үшін бұл тарихи шара үлкен сынақтармен есінде сақталды десек қателеспейміз.

**Қорытынды.** Біріншіден, Қазақстан аумағына тұрғындарды көшіру шараларын мемлекеттік органдар басқарды, арнайы жарлықтар шығарылып, көшірудің барысы жөнінде жыл сайын есеп беріліп отырды. Эвакуацияланушы тұрғындарды тасымалдау, есепке алу тәртібі, азық-түлікпен, баспанамен, ең бастысы жұмыспен қамтамасыз ету шараларын мемлекеттік билік органдары толық қадағалады. Десек те, Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдарындағы миграцияның алдын болмағандай көлемдегі қарқындылықпен жүруіне байланысты кейбір тұастарда мемлекеттің өзі көшіру шараларында қателіктерге жол берді. Бұл қателіктердің бірі-эвакуацияланушы тұрғындарды есепке алу мәселесі. Осы мәселе қазірге дейін көптеген талас туындатуда. Біз өз мақаламызда келесідей ұсыныс берер едік: 1941-1942 жж. Қазақстанға эвакуацияланғандардың санын жол-тасымалдау көлігіндегі жолаушылардың санымен емес, Қазақстанға келгендердің санымен мигранттардың жуық сандық шамасын шығару. Біз өз кезегімізде ғылыми жұмыс барысында эвакуацияланғандарды есептеу тәсілі ретінде осы жолды қолдандық.

Екіншіден, майдан линиясынан Орта Азия мен Қазақстан аумағына тұрғындарды көшіру шарасы-күрделі саяси шара екені сөзсіз. Осы тарихи шараның нәтижесінде Кеңестер Одағын соғыс жылдарында экономикалық қуатын сақтауына біршама әсер етті. Өнеркәсіп орындарының сақталуымен бірқатарда, мәдени, ғылыми орталықтарын көшірудің де тарихи маңыздылығы да басым.

Үшіншіден, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстанға тұрғындарды көшіру шарасы-қазіргі еліміздің демографиялық келбетінің қалыптасуына түрткі болды.

Республиканың инфрақұрылымдық потенциалы да артты.

#### Әдебиет

Барон А.И., Чиликова Е.В. История. История. Память. Люди – проект по истории эвакуации и беженства / Материалы Международного форума в рамках проекта «Память во имя будущего», посвященного Дню памяти жертв политических репрессий и голода. Жезказган, 2016; Кызылорда, 2017. С.125–129.

Беленко М.П. Источники по численности гражданского населения, Белоносов И.И. Эвакуация населения из прифронтовой полосы в 1941–1942 гг. // Эшелоны идут на Восток. Из истории перебазирования производственных сил СССР в 1941–1942 гг. Сборник статей и воспоминаний. М.: Наука, 1966.

Беленко М.П. Источники по численности гражданского населения, эвакуированного в Западную Сибирь в годы Великой Отечественной войны // Гуманитарные науки в Сибири, 2019. № 2. С. 81–85.

Беленко М.П. Эвакуация гражданского населения в среднеазиатские республики СССР в годы Великой Отечественной войны // Исторический курьер. 2019. № 4 (6).

Беленко М.П. Эвакуированное гражданское население в Западной Сибири: социально-демографический аспект (1941–1943 гг.), [Текст]: дисс. ... канд. ист. наук: 07.00.02: защищена 10.10.11: утв. 20.07.1

Белоносов И.И. Эвакуация населения из прифронтовой полосы в 1941–1942 гг. // Эшелоны идут на Восток. Из истории перебазирования производственных сил СССР в 1941–1942 гг. Сборник статей и воспоминаний. М.: Наука, 1966.

Великая Отечественная война 1941-1945: энциклопедия / Гл. ред. М.М. Козлов. Редакция: Ю.Я. Барабаш, П.А. Жилин, В.И. Канатов и др. / М.: Сов. энциклопедия, 1985. С.801.

Земсков В.Н. Ведущая сила всенародной борьбы: Борьба советского рабочего класса на временно оккупированной фашистами территории СССР (1941 -1944 гг.). М., 1986. С. 203.

Исторический курьер. 2019. № 4 (6). Статья 9.

Исупов В.А. К вопросу о типах миграций и их соотношении в годы Великой Отечественной войны // Гуманитарные науки в Сибири. 2016. № 1. С. 12–17.

Козыбаев М.К. Братская помощь трудящихся Казахстана и республик Средней Азии районам, освобожденным от фашистской оккупации // Возрождение прифронтовых и освобожденных районов СССР. С. 155-156, 161.

Кропивницкий Н. Документы Центрального государственного архива Казахстана об эвакуации населения (1941-1943 гг.) // Эвакуация: Воскрешая прошлое. Материалы Международной научной конференции. Алматы, 2009, С. 21

ҚРПА. 708 қ., 5/1 оп., 561 і., 51 п.

ҚРПА. 725 қ., 4 оп., 227 і., 27 п.

Потемкина, М.Н. Эвакуация в годы Великой Отечественной войны на Урале: люди и судьбы. Магнитогорск: Изд-во Магнитогор. гос. ун-та, 2002. 264 с.

РФ Мемлекеттік архиві, 327 қ., 2. т. 165 іс. 194, 309-325 қайтарма пп.

СҚО МА. 1189 қ., 1 т. 983 іс. 51 п.

СҚО МА. 22 қ., 3 т. 64 іс. 480 п.

Снегирева Л.И. К вопросу об учете эвакуированного населения в Западной Сибири и его численности // Актуальные проблемы истории Великой Отечественной войны. Томск, 2005. С. 103-108.

Стрижков Ю.К. Деятельность СНК СССР по организации восстановления народного хозяйства на освобожденной территории в первый период Великой Отечественной войны (1941–1942 гг.) // Возрождение прифронтовых и освобожденных районов СССР в годы Великой Отечественной войны 1941–1945. М., 1986. С. 47.

Чадаев Я.Е. Экономика СССР в годы Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.). М., 1985. С. 301.

#### References

Baron A.I., Chilikova E.V. History. History. Memory. People - project on the history of evacuation and refugees / Materials of the International forum in the framework of the project «Memory for the future», dedicated To the day of memory of victims of political repression and famine. Zhezkazgan, 2016; Kyzylorda, 2017. P. 125-129.

Belenko M.P. Sources on the number of civilian population, Belonosov I.I. Evacuation of the population from the front line in 1941-1942. // Echelons go to the East. From the history of the relocation of the production forces of the USSR in 1941-1942. Collection of articles and memoirs, Moscow: Nauka, 1966.

Belenko M.P. Istochniki po chislennosti grazhdanskogo naseleniya, evakuirovannogo v Zapadnyuyu Sibir v godi Velikoy Otechestvennoy voyny [Sources on the number of civilians evacuated to Western Siberia during the Great Patriotic War] // Gumanitarnye nauki v Sibiri, 2019, № 2. P. 81–85.

Belenko M.P. Evacuation of the civilian population in the Central Asian republics of the USSR during the great Patriotic war // Historical courier. 2019. № 4 (6).

Belenko M.P. Evacuated civilian population in Western Siberia: socio-demographic aspect (1941-1943),

[Text]: Diss. ... candidate of historical Sciences: 07.00.02: protected 10.10.11: approved 20.07.1

Belonosov I.I. Evacuation of the population from the front line in 1941-1942. // Echelons go to the East. From the history of the relocation of the production forces of the USSR in 1941-1942. Collection of articles and memoirs, Moscow: Nauka, 1966.

The great Patriotic war of 1941-1945: encyclopedia- / editor-in-Chief M. M. Kozlov. Editorial Board: Yu.Ya. Barabash, P.A. Zhilin, V.I. Kanatov, etc. / Moscow: Sov. encyclopedia, 1985-P. 801

Zemskov V.N. the Leading force of national struggle: The struggle of the Soviet working class on the territory of the USSR temporarily occupied by the Nazis (1941-1944). Moscow, 1986. P. 203.

Historical courier. 2019. №. 4 (6). Article 9.

Isupov V.A. K voprosu o tipah migratsiy i ih sootnoshenii v gody Velikoy Otechestvennoy voyny [On the issue of migration types and their correlation during the Great Patriotic War] // Gumanitarnye nauki v Sibiri, 2016, № 1. P. 12–17.

Kozybayev M.K. Fraternal aid to the workers of Kazakhstan and the republics of Central Asia to the areas liberated from the fascist occupation // Revival of frontline and liberated areas of the USSR. Pp. 155-156; 161.

Kropivnitsky N. Documents of the Central state archive of Kazakhstan on the evacuation of the population (1941-1943) // Evacuation: Resurrecting the past. Proceedings of the International scientific conference. Almaty, 2009, P. 21

PA RK . F. 708. 5/1 op. 561 is. 51 p.

PA RK. F. 725, Op. 4, 227 is. 27 p.

Potemkina M.N. Evakuatsiya v gody Velikoy Otechestvennoy voyny na Urale: lyudi i sud'by [Evacuation during the Great Patriotic War in the Urals: people and destinies]. Magnitogorsk: Magnitogorsk State University, 2002. 264 p.

State Archive of the Russian Federation, F. 327. op. 2. D. 165. pages 194, 309-325ob.

State Archive of the north Kazakhstan. F. 1189, Op. 1 983 Is, 51 p.

SANK. F. 22, Op. 3 64 is, 480 P.

Snegireva L.I. K voprosu ob uchete evakuirovannogo naseleniya v Zapadnoy Sibiri i ego chislennosti [On accounting the evacuated population in West Siberia and its number] // Aktualnye problem istorii Velikoy Otechestvennoy voyny. Tomsk, 2005.P. 103–108.

Strizhkov Yu.K. Activities of the SNK of the USSR to organize the restoration of the national economy on the liberated territory in the first period of the great Patriotic war (1941-1942) // Revival of the frontline and liberated areas of the USSR during the great Patriotic war of 1941-1945. M., 1986. P. 47.

Chadaev Ya.E. Economy of the USSR during the great Patriotic war (1941-1945). M., 1985. P. 301.